



ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 16/452

22 апреля 2016 года

газета издается с 26.06.2004 года

Вестник

Мерекен, мектебін!

Новости региона

№ 2 МЕКТЕП-БАЛАБАҚША КЕШЕНІНІҢ 55 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫ

2016 жылдың 15-сәуірінде № 2 мектеп-балабақша кешенінің 55 жылдық мерейтойы ата-лап өтілді. Мектептің мерейтойына қала зиялылары, мектептің ардагер ұстаздары, қала мектептерінің басшылары, РФ-ның № 3 мектеп ұжымы, мекеме басшылары және мектептің әр жылдары бітірген түлектері шақырылды.

Биылғы мектептің мерейтойы ересе мереке. Себебі, 2008 жылы мектепте алғаш қазақ сыныбы ашылып, алғаш мектеп табалдырығын аттаған оқушылар биыл 9-сынып түлектері болып отыр. Осыған орай мерекелік бағдарламаның басым көпшілігі мектептің 9- сынып оқушыларының қатысуымен өтті. Кештің бастамасы мектептің ардагер ұстаздарын еске алып, мерекеге қатысқан ардагерлерге гүл шоқтарын тапсырумен басталды.

Алғашқы құттықтау сөзді мектеп директоры Қарлығаш серікқызы Алтынбекова сөйледі. Ол келген қонақтарды қуанышпен қарсы алып, мектептің үздік мұғалімдері мен қызметкерлеріне адал еңбектері мен өскелең ұрпақ тәрбиесіне зор үлес қосқандары үшін тілегін білдірді.

Сонымен қатар мерекеді қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзин және мектептің ардагер ұстаздары өздерінің жүрек жарды тілектерін білдірді. Олар мектепке және мектеп түлектеріне зор табыс пен жұмыстарының жемісті болуын тіледі.

№ 2 мектеп-балабақша кешенінің алғашқы іргетасы 1961 жылы қаланған. Жарты ғасырдан астам уақыт жас буынды білім нәрімен сусындатқан мектеп қабырғасынан бірнеше мыңдаған оқушы түлеп ұшты, үлкен жолға қадам басты. Бүгінгі таңда мектеп түлектері, үлкен өмірде өз жолдарын тапқан мықты мамандар, атап айтқанда мұғалімдер, дәрігер-

Мектептің мерейтойы қарсаңында өткен салтанатты жиынға әр жылдары бітірген мектеп түлектері шақырылды: 60 ж., 70 ж., 80 ж., 90 ж., және екі мыңыншы жылғы түлектер қатысты. Түлектер мектеп қабырғасында өткізген қызықты балалық шақтарын еске алып, қаншама жылдан соң қайта партаға отырған түлектердің көздері бақыттан бал-бұл жанды. Мектепті мерейтойымен құттықтап ізгі тілектерін білдірді. Сондай-ақ, өскелең ұрпақты тәрбиелеу жолындағы үлкен жемісті жұмыстарына шығармашылық табыстар және болашақ түлектерге ұстаздарының сенімін ақтауды тіледі. Түлектер мектеп ішінде экскурсия жасап, «Миг детства» атты фотоқорғадағы фотосуреттерді тамашалап, 1 қабаттағы оқушылардың



қолөнер көрмесіне баға берді.

Осы мерекеді тағы бір ерекше оқиғаны ұштастырып өттік. Ол - биыл еліміздің сан мың жылдар бойы армандап, қол жеткізген Тәуелсіздігіне 25 жыл толып отыр. Осынау айтулы мереке мектептің 55 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келуі бір ғанибет деп білеміз. Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арнап мектептің 6 сынып оқушыларынан құрылған ЖЖИ жасағы өзінің өнерін көрсетіп, ұлтжанды «Қазақстан» әнін шырқады.

Салтанатты мереке барысында ән салып, 9 сынып оқушылары вальс, флешмоб биін билеп, келген қонақтар мектептің гүлденуі мен ұзақ жылғы өміріне өздерінің құттықтау тілектерін білдірді. Әр жылдары басшылық еткен директорлардың ата аталып, мектеп тарихына көз жүгіртуді де ұмытпадық. Кеш соңы мектептің педагогтар ұжымы ортаға шығып мектептің аңғұранын орындаумен аяқтады.

А. Ермагамбетова,
№ 2 МББК директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары



лер, заңгерлер мен экономистер.

МЕРЕЙЛІ МЕКТЕБІМ

Адам қанша жыл өмір сүрсе де, қандай іспен айналысса да, өмірдегі ең ұмытылмас сәттер болып мектепте өткізген уақыт қалатын шығар... Әр адамның өмірінің іргетасы мектепте қаланады. Сондықтан адам өміріндегі мектептің алар орны ерекше.

№2 орта мектеп - білім айдынында елу бес жыл бойы жүзіп жүрген үлкен кемеміз. Қаншама бала балалық шағының қимас, қайталанбас уақытын осы мектепте өткізді. Жаза да, оқи да алмайтын кішкентай бұлдіршін мектепте есейіп, үлкен өмірге дайын болып шығады. Осы білім ордасында өмірінің саналы уақытын балаға арнаған, нәзік жүрегі бала деп лүпілдей соққан қаншама ұстаз еңбек етті. Шын мәнінде, мұғалім жай бір қарапайым ғана болып көрінгенмен, оның адам өміріндегі, ел тарихындағы алатын орны зор екені белгілі. Оны бойына заман ағымын өзгертер қасиет дарыған қуат көзі десек, қателеспес едік. Сол қуат көздерінің титтей де болса бір бөлшегі мектеп қабырғасында қалары сөзсіз, мектеп сонысымен де құнды, қасиетті.

Уақыт бәрін жеңеді деген рас екен. Соның айғағы - біздің мектебіміз. 55 жыл - аз уақыт емес.

№2 орта мектеп - кеңес жүйесін де көрген, еліміздің тәуелсіздігіне де куә алтын мектеп.

Мектептің қала тарихында алатын орны маңызды. Ол қаланың негізі қалануынан бастап, өркендеуінің, дамуының, кемелденуінің куәсі болып табылады. Қалаға еңбегі сіңген азаматтардың барлығы дерлік осы білім ордасында біліммен сусындады. Қала үшін мектептің орны ерекше.

Қазіргі уақытта мектеп күннен-күнге жаңарып, заман ағымына сай жан-жақты даму үстінде. Оның атауы қаншама рет өзгерді, бірақ тыныс алуы сол қалпында. Бүгінгі мектеп жаңаша тыныс алуда. Білім саласында өзгерістер мектебімізді айналып өтпек емес. Мектептің алар асуы әлі де алда. Әр адамның тағдыры да, келешекте ел болуымыз да мектебімізге келіп тіреледі. Сондықтан мектебімізде білімді, қайсар мұғалімдердің көп болуын тілеймін.

Мерейлі мектебін, мерейтойың құтты болсын, гүлденіп, көркейе бер!

Фарида Амантаева,
№2 орта мектептің қазақ тілі мұғалімі

РАБОЧАЯ ПОЕЗДКА ПЕРВОГО ЗАМЕСТИТЕЛЯ АКИМА ОБЛАСТИ А.ДУЙСЕБАЕВА

20 апреля в городе с рабочей поездкой побывал первый заместитель акима области А.Дуйсебаев.

В ходе визита Асылбек Жексенбаевич ознакомился с социально-экономическим развитием города и посетил строительные объекты, в том числе дома по улице Достык, 29 и Весенняя, 1.



Первый заместитель акима области А.Дуйсебаев обсудил проблемные вопросы и дал ряд поручений руководителям ответственных органов.

Пресс-лужба акима города Приозерск

Тәжірибе алмасу

ОБЛЫСТЫҚ «ОҚУ ШАТТЫҒЫ» АТТЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕМИНАР БОЛЫП ӨТТІ

Үстіміздегі жылдың сәуір айының 16-шы жұлдызында №2 мектеп-балабақша кешенінде облыстық «Оқу шаттығы» әлеуметтік – педагогикалық семинар өтті.

А.Б.Жақыпова, Макажанова Д.Т «Әкем, анам және мен - оқырман отбасымыз» атты сайыс, Г.А. Кожумова «Счастье Кадыра» ертегісі, М.К.Кошметова «Айлакер мысық» қуыршақ театры, К.С.

Тургамбаева «Быль про Есена» көрінісін, Д.Т.Абдыгаппарова, А.С. Ауесбаева «Алғырлар мен тапқырлар» сайысын, М.Т. Адريسова «Мен қалай торғай болдым?» пьеса, С.П. Селиванова «Сказка о глупом мышонке» қуыршақ театры, П.К.Ержанова «Кітап – рухани қазына» күлегеш, С.В.Добровольская, О.А. Кузнецова «По страницам сказок» КВН, А.К.Байменова «Қарғаның мұңы» сахналық қойылымын ұйымдастырды. Семинар соңында келген қонақтармен М.К. Кошметова «Кітап – досым, ақылшым» атты тақырыпта коучинг өткізді. Семинар



Семинардың тақырыбы: «Кітап оқыған адам-табысты адам», мақсаты: «Оқу шаттығы» жобасы аясында бастауыш сынып оқушыларының оқырман сауаттылығын дамыту үшін ақпарат кеңістігін құрып, педагогикалық тәжірибе алмасуына жағдай жасау. Функционалдық сауаттылықты дамыту.

Семинарға Сары-Шаған кентінің орта мектебі, №1 жалпы білім беретін орта мектебі және №3 Ресей Федерациясы мектебінің бастауыш сынып мұғалімдері мен «Айналайын», «Балбөбек», «Еркетай» және «Балақай» бөбекжай-балабақшалары мен қалалық кітапхананың әдіскерлері қатысты.

Семинарда бастауыш сынып мұғалімдері



А.Черниязова мен М. Мешевтің ұйымдастыруымен «Тәуелсіздікке- 25 жыл» атты мерекелік концертпен аяқталды. Семинар жоспарға сай, ал ұйымдастырылған іс-шаралар көңілді, тартымды және жоғары деңгейде өткізілді деген ойымыз.

Д.Мақжанова,
№2 МББК КММ әдістеме ісінің меңгерушісі

СЦК ИНФОРМИРУЕТ

«МАНИФЕСТ «МИР. XXI ВЕК»

15 апреля, в СЦК при Президенте Республики Казахстан на тему: «Манифест «Мир. XXI век» – судьбоносный документ современной эпохи» состоялся брифинг с участием депутатов Сената Парламента Республики Казахстан: председателя Комитета по социально-культурному развитию и науке А.Х. Бижанова и члена данного комитета Ж.Е. Ергалиева.

Выступая на брифинге, сенатор Ахан Бижанов отметил актуальность и значимость манифеста для глобальной политики. Он подчеркнул, что «Начало XXI века ознаменовалось осложнением отношений между государствами и религиями, причинами практически всех разногласий становятся этнические, религиозные взаимоотношения и территориальные притязания. Кардинально перекроилась картина мира, изменилось и мировоззрение людей. Все эти и другие вызовы современности явились главным мотивом того, что наш Президент представил программный документ с судьбоносным названием «Мир. XXI век», который обрел статус официального документа Генеральной Ассамблеи и Совета Безопасности ООН».

По словам сенатора, Президентом нашей страны предложены мировому сообществу соответствующие сегодняшним сложным условиям пути избавления человечества от ядерной угрозы,

основанный на трех взаимовыгодных позициях с пятью алгоритмами действий. В Манифесте подчеркнута, что сегодня война перестает быть триумфом победителей. Иначе говоря, война - не способ решения споров и разногласий, это тупиковый путь, обреченный на провал, где нет победителей и побежденных.

Особое внимание А. Бижанов уделил таким инициативам Главы государства, как созыв Съездов мировых и традиционных религий, ставшей признанной площадкой междивизиационного диалога, Совещания по мерам взаимодействию и мерам доверия в Азии, принятие Совместной декларации Президентов Республики Казахстан и Президента Турецкой Республики по исламскому примирению и др.

Таким образом, заключил сенатор, Казахстан не на словах, а на деле демонстрирует миру своевременность и действенность шагов, предложенных в Манифесте «Мир. XXI век». Призыв руководителей других стран и мировое сообщество к укреплению безядерного мира, как инициатор этого судьбоносного для человечества документа наш Президент Н.А. Назарбаев еще раз продемонстрировал мировому сообществу свою дальновидность и прозорливость как государственного лидера мирового уровня.

Пресс-служба
Сената Парламента

СЪЕЗД МАШИНОСТРОИТЕЛЕЙ:
«НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ
ЭКОНОМИЧЕСКОГО РОСТА»

19 апреля, в Москве Колонном зале Дома Союзов проходит Съезд Союза машиностроителей России. В работе съезда принял участие президент РФ Владимир Путин.

Главная тема Съезда – разработка предложений по корректировке к экономическому курсу развития страны, направленных на развитие высокотехнологичного производства, создание рабочих мест и подготовку кадров.

К участию в съезде приглашены делегации машиностроительных союзов иностранных государств — Казахстана, Белоруссии, Армении, Франции, Италии, Германии, Австрии, Швейцарии, Аргентины, Китая.

С казахстанской стороны на Съезде выступил Председатель Союза машиностроителей Республики Казахстан М. Пшембаев.

В ходе своего выступления он подчеркнул, что Казахстан воспринимает Россию как стратегического союзника и партнера, с которым страну связывают не только экономические связи, но и общая история, культура и менталитет.

«Сотрудничество двух государств, и как

следствие и отраслей национальных экономик, значительно возросло с созданием и началом функционирования Евразийского экономического союза. ЕАЭС дает нам новые точки взаимодействия, а также новые возможности для экономического роста», - отметил М. Пшембаев.

«В рамках реализации договора о создании ЕАЭС в прошлом году наши Правительства приняли Основные направления промышленного сотрудничества (ОНПС). В реализации ОНПС на площадке Евразийской Экономической Комиссии (ЕЭК) активно прорабатывается вопрос поиска проектов для взаимной кооперации», - также пояснил он.

Мейрам Кудайбергенович подчеркнул, что в Казахстане стартовала вторая пятилетка индустриализации на 2015-2019 годы, в рамках которой одним из акцентов является смещение приоритетов от защиты внутреннего рынка к стимулированию и повышению конкурентоспособности и равного доступа производителей на рынки стран ЕАЭС.

СЦК при Президенте РК

Оқушылардың ғылымдағы жетістіктері

ҚАЗАҚТЫҢ КИЕЛІ ҚОБЫЗЫ

«Қобыз VIII ғасырдан, Қорқыт ата заманынан келе жатқан қазақ халқы үшін киелі аспап. «Қарағайдың түбінен қайырып алған, үйеңкінің түбінен үйіріп алған» қобызды қазақтың кие тұтуының өзіндік мәні бар. Бұл қобызды ойлап тапқан мистикалық тұлға – Қорқытпен тікелей байланысты. Қобыз адамның дауысын, қасқырдың ұлуын, аққудың қықылын, жел мен судың үнін бере алады. Табиғаттың қайталанбас дыбыстарын ағаштан ойылып жасалған қарапайым аспаптың бере алуы, көптеген ғалымдардың таңданысын тудырып отыр. Қобыз ұлттық мәдениетіміздің алтын діңгегі. Скрипка аспабының атасы. Аспап ысқысы бар шекті аспаптардың қатарына жатады. Өнер киесін арқаалаған бабаның онегесін қадірлеп, өткенді ұмытпай, бабалар жолын жалғастыру үшін қажет. Осы мұраны танып меңгеру бүгінгі, келешек ұрпақтар үшін парыз десек, оны жас ұрпаққа үйретіп, олардың бойына сіңіру, білікті ұстаз мамандардың міндеті.

Қобыз үнді қобыз ғасырлар сырын жетелейтін киелі аспап. Қобыз десе біздің санамызға Қорқыт ата түседі. Қорқыт бабамыздан қалған қасиетті қара қобыз ғасырдан – ғасырды жалғап, сазды сарының үзбей қазақ халқының қуанышы мен қайғысын жеткізіп келеді. Бірде ботасыз нарды ілідесе, енді бірде жан азабын тартқан шерменденің дертіне дауа болады. Қандай күй орындады да қобыз сарыны құлаққа жағымды, жылы естіледі. Ақиқаты аңыздан ажырай қоймаған Қорқыт тұлғасына қатысты сұрақтар қаншалықты көп болса, қобыздың да адамзат баласына беймәлім сырлары жетерлік. Аңыздарда жаңа жасалған аспапта Қорқыт баба күй тартта бастағанда, бүкіл дүние күңіреніп, әлемнің астан-кестені шыққандығы айтылады. Көкте ұшқан құс пен жерде жүрген аңды да күйінің сиқырлы үнімен арбай алған абыз атаның қасиетті қобзының үні шыққанда, бүкіл даланың топырағын төңкерген дауыл тұрып, аспанды күркіреген қою кара бұлт шалған. Ол өзінің болмысымен, күңіренген күйімен халықты қорқытып қана қоймаған, Сыр



суының үстінде күй тартып, елін бақытқа кенелткен дейді. Қобызды қазақтың кие тұтуының сыры, оның осылай пайда болуының гажайып ертегіге ұқсастығында да жатқан шығар.

Қазақ жұрты қобыздың ерекше үнімен қоса, пішініне де зор мән берген. Қасиетті аспаптың ақу пішіндес сипатында өзіндік ерекшелік бар көрінеді. Академик Әлкей Марғұлан мұның себебін ақу құстың киелілігімен байланыстырған. Ғалым бұл орайда ежелгі қазақтардың ақуды қастерлеп, оның бейнесін өздерінің тотемі еткендігін негізге алады...».

Бұл 9-сынып оқушысы Тлепбай Гүлім Ботабекқызының «Киелі Қобыз» атты ғылыми-зерттеу жұмысынан тек үзінді ғана. Өздеріңіз оқығандай оқушының ізденісі мен үлкен ғылымға деген талпынысы анадайдан «Мен мұндамын» - деп тұрғандай. «Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ Қр ШҒА ОҚБ 46-шы ғылыми-практикалық конференциясы шенберінде өткен 2-ші аймақтық байқауда 9-сынып оқушысы Тлепбай Г.Б. (жетекшісі тарих пәнінің мұғалімі Карабаева Маржан Лесбековна) ең жақсы ғылыми-зерттеу жұмысы үшін номинациясы бойынша жеңімпаз атанды. Гүлімнің әлі талай биіктерден көрінетіне сеніміміз мол.

М. Карабаева,

№1 жалпы орта білім беретін мектептің мұғалімі

ЛЕГАЛИЗАЦИЯ

ЛЕГАЛИЗОВАНО СВЫШЕ
475 МЛРД ТЕНГЕ

За период акции легализации с 1 сентября 2014 года по 1 апреля 2016 года банками открыто 623 банковских счета на общую сумму 475,5 млрд тенге, сообщает пресс-служба Национального Банка РК, информирует Zakon.kz.

Как отмечается в сообщении, с даты внесения поправок в Закон об амнистии с 29 ноября 2015 года на счета в банки внесено более 390 млрд тенге. Столь значительное увеличение темпов легализации денег через банковские счета связано с упрощением процедур легализации, в частности с отменой требований по хранению денег в течение пяти лет и уплате 10% сбора.

В Нацбанке уточнили, что в акции принимают участие 30 банков и Национальный оператор почты.



Лидерами по количеству внесенных денег и открытых счетов являются г. Алматы, г. Астана, Атырауская, Карагандинская и Южно-Казахстанская области (98% об общей суммы легализуемых денег по республике).

источник: www.zakon.kz

Коррупции нет!

БОРЬБЕ С КОРРУПЦИЕЙ -
СИСТЕМНЫЙ ХАРАКТЕР

Как вы знаете, Глава государства Нурсултан Назарбаев в своей статье «План нации - Путь к казахстанской мечте» отметил основные аспекты реформы, направленные на повышение эффективности государственного аппарата на основе нового Закона «О государственной службе».

Сейчас стартовал новый этап развития казахстанской государственной службы, созданы Министерство по делам государственной службы, а в его структуре - Национальное бюро по противодействию коррупции. Тем самым модернизирована система не только государственной службы, но и противодействия коррупции, которая будет максимально ориентирована на предупреждение коррупционных проявлений. При этом сама борьба с коррупцией будет приобретать все более последовательный и системный характер. Именно на таком подходе разработан новый закон о противодействии коррупции, который основан на международных стандартах и вступил в силу с нового года. Действительно, субъектами коррупционных должностных преступлений могут быть только должностные лица, то есть государственные служащие. Из статьи Президента РК следует, что противодействие коррупции будет носить системный характер: борьба будет вестись как с ее проявлениями, так и с причинами, их порождающими.

Большого внимания заслуживает акцент, сделанный Президентом на первой институциональной реформе государственного управления.

Действительно, эффективность государственного управления может быть основана только на качественной работе государственных служащих. Принятый новый Закон «О государственной службе», вступивший в действие с 1 января. Отмечу, что этот качественно новый нормативно-правовой акт более конкретно и детально регламентирует сферу государственной службы. Он содержит в себе немало прогрессивных правовых новелл. Например, ужесточен отбор на государственную службу. При этом, впервые поступающие на нее могут быть приняты только на низовую государственную должность, что создаст правовую преграду протекционизму, кумовству и даже коррупции.

Новым законом также предусмотрена возможность привлечения на государственную службу профессиональных работников из негосударственной сферы и иностранных граждан с целью повышения качества оказываемых государственных услуг. Надо отметить и проведенную Президентом Казахстана реорганизацию сферы государственной службы.

От себя добавлю: поскольку коррупция – это крайне негативное социальное явление, то в первую очередь необходимо создать такой правовой режим, при котором совершение коррупционных правонарушений будет сведено к минимуму.

В.Крупский,

юрисконсульт ГУ «Отдел занятости и социальных программ»

ОБЛАСТНОЙ МЕСЯЧНИК
«КӨРНЕКІ АҚПАРАТ ПЕН
ЖАРНАМАҒА - САУАТТЫЛЫҚ!»

Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск объявляет о проведении областного месячника «Көрнекі ақпарат пен жарнамаға - сауаттылық!» с 18 апреля по 18 мая 2016 года. В рамках месячника будут проведены рейды по городу.

Цель месячника - в пределах города привести визуальную информацию в соответствие ст.21 «Язык реквизитов и визуальной информации» Закона Республики Казахстан «О языках в Республике Казахстан».

В 2015 году нами проведены рейды на соответствие языка исполнения визуальной информации - объявления, внешней рекламы, вывесок требованиям Закона Республики Казахстан «О языках в Республике Казахстан». К сожалению, в них допускаются немало нарушений языкового законодательства: отсутствуют тексты информации на государственном языке, в них допускаются грамматические, стилистические ошибки, приводящие к смысловому искажению содержания информации. Чтобы, не допускать нарушений закона, каждый должен в точности исполнять его требования - это долг каждого гражданина.

Поэтому, не допустим безграмотного оформления, разграничению государственного языка в визуальной информации, которая украшает улицы, фасады учреждений и другие объекты. В этом важном деле надеемся, что все горожане примут активное участие и поставят заслон языковой безграмотности.

Особенно хотим, чтобы особое внимание обратили представители малого и среднего бизнеса.

Уважаемый предприниматель, обратите, пожалуйста, внимание на вашу вывеску, рекламу, товарные ярлыки, этикетки. Соблюдены ли в них

нормы законодательства о языках нашей страны? Проведите ревизию своей визуальной информации, исправьте допущенные неточности. Помните, требование закона - это обязательное исполнение информации на государственном и русском языках, при этом, информация на государственном языке должна размещаться слева или сверху, на русском языке - справа или снизу, одинаковыми по размеру буквами!

Проверьте, пожалуйста, соблюдены ли нормы литературного языка и специфики речевой стилистики языка, культуры речи в Ваших вывесках, рекламе, объявлениях, товарных ярлыках и этикетках.

Мы уверены, что Вы - патриот своей страны, человек современного мышления, заинтересованы в сохранении ценностей собственного государства!

Согласно статьи 21 «Язык реквизитов и визуальной информации» Закона Республики Казахстан «О языках в Республике Казахстан»: «...Бланки, вывески, объявления, реклама, прейскуранты, ценники, другая визуальная информация излагаются на государственном и русском, а при необходимости, и на других языках. ...Все тексты визуальной информации располагаются в следующем порядке: слева или сверху - на государственном, справа или снизу - на русском языках, пишутся одинаковыми по размеру буквами.»

Свои мнения по месячнику, информацию об увиденных ошибках можете направлять в городской Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск. Наш адрес: г. Приозерск, улица Пушкина, 9 (здание городской почты, правое крыло, второй этаж).

Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск

«МҮГЕДЕКТЕРДІ СУРДО-ТИФЛОТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МІНДЕТТІ ГИГИЕНАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ» БОЙЫНША КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

2013 жылғы 15 сәуірдегі №88-V «Көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы» Заңының Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі № 279 «Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес «Мүгедектерді сурдо-тифлотехникалық және міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету» қызметі бойынша өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі: 1) құжаттардың топтамасын тіркеген сәттен бастап – 10 (он) жұмыс күні; 2) құжаттардың топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 минут; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 минут. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз

және жеделдетіп қызмет көрсетуі кезек тәртібінде көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету үшін жүгінген кезде осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті және мынадай құжаттарды ұсынады:

сурдотехникалық құралдармен қамтамасыз ету бойынша:

1) көрсетілетін қызметті алушының және/немесе заңды өкілінің жеке басын куәландыратын құжат, мүгедек балалар үшін – жеке басын куәландыратын құжат, ата-аналарының (қамқоршысының, асырап алушысының) біреуінің жеке басын куәландыратын құжат;

2) кәмелеттік жасқа толмаған мүгедек балалар үшін – баланың туу туралы куәлігі;

3) мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасынан үзінді көшірме;

4) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері үшін – Ұлы Отан соғысына қатысушы (мүгедек) куәлігі;

5) жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы

Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдар үшін – жеңілдікке құқығы туралы белгісі бар зейнеткерлік куәлігі;

6) бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектер үшін – зейнеткерлік куәлігінің көшірмесі;

7) Ұлы Отан соғысына қатысушы үшін – медициналық ұйымның дәрігерлік-консультациялық комиссиясының қорытындысы;

тифлотехникалық құралдармен қамтамасыз ету бойынша:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

1) мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасы; міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету бойынша;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

1) көрсетілетін қызметті алушының және/немесе заңды өкілінің жеке басын куәландыратын құжат;

2) мүгедек балалар үшін – жеке басын куә-

ландыратын құжат, ата-аналарының (қамқоршысының, асырап алушысының) біреуінің жеке басын куәландыратын құжат;

3) жеке сәйкестендіру нөмірі – жеке басын куәландыратын құжатта жеке сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда;

4) мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасынан үзінді көшірме;

5) «Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10589 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген нысан бойынша мүгедек-тігі туралы анықтама.

Салыстыру үшін құжаттардың түпнұсқалары және көшірмелері ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

«Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ

ГОСУДАРСТВЕННАЯ УСЛУГА «ОБЕСПЕЧЕНИЕ ИНВАЛИДОВ СУРДО-ТИФЛОТЕХНИЧЕСКИМИ И ОБЯЗАТЕЛЬНЫМИ ГИГИЕНИЧЕСКИМИ СРЕДСТВАМИ»

Согласно статье 8 Закона Республики Казахстан от 15 апреля 2013 года №88-V «О государственных услугах» Республики Казахстан, приказу Министерства здравоохранения и социального развития Республики Казахстан № 279 от 28.04.2015 года «Об утверждении стандартов государственных услуг в социально-трудовой сфере», по государственной услуге «Обеспечение инвалидов сурдо-тифлотехническими и обязательными гигиеническими средствами» прием заявления и выдача результата оказания государственной услуги осуществляются через услугодателя. Срок оказания государственной услуги: 1) с момента регистрации пакета документов – 10 (десять) рабочих дней; 2) максимально допустимое время ожидания для сдачи пакета документов – 30 минут; 3) максимально допустимое время обслуживания услугополучателя – 30 минут. Физическим лицам государственная услуга оказывается бесплатно.

Прием заявления и выдача результата оказания государственной услуги: с 9.00 часов до 17.30

часов с перерывом на обед с 13.00 часов до 14.30 часов.

Государственная услуга оказывается в порядке очереди, без предварительной записи и ускоренного обслуживания.

9. Услугополучатель при обращении для оказания государственной услуги предоставляет заявление (далее – заявление) по форме согласно приложению к настоящему стандарту государственной услуги и следующие документы:

по обеспечению сурдотехническими средствами:

1) документ, удостоверяющий личность услугополучателя и/или законного представителя, для детей-инвалидов – документ, удостоверяющий личность, документ, удостоверяющий личность одного из родителей (опекунов, попечителей);

2) для несовершеннолетних детей инвалидов – свидетельство о рождении ребенка;

3) выписка из индивидуальной программы реабилитации инвалида;

4) для участников и инвалидов Великой Отечественной войны – удостоверение участника (инвалида) Великой Отечественной войны;

5) для лиц, приравненных по льготам и гарантиям к инвалидам Великой Отечественной войны – пенсионное удостоверение с отметкой о праве на льготы;

6) для инвалидов первой, второй, третьей групп – копия пенсионного удостоверения;

7) для участника Великой Отечественной войны – заключение врачебно-консультативной комиссии медицинской организации; по обеспечению тифлотехническими средствами заявление и следующие документы:

1) индивидуальная программа реабилитации инвалида;

по обеспечению обязательными гигиеническими средствами заявление и следующие документы:

1) документ, удостоверяющий личность услугополучателя и/или законного представителя;

2) для детей-инвалидов – документ, удостове-

ряющий личность, документ, удостоверяющий личность одного из родителей (опекунов, попечителей);

3) индивидуальный идентификационный номер - в случае отсутствия индивидуального идентификационного номера в документе, удостоверяющем личность;

4) выписка из индивидуальной программы реабилитации инвалида;

5) справка об инвалидности по форме, утвержденной приказом Министра здравоохранения и социального развития Республики Казахстан от 30 января 2015 года № 44 «Об утверждении Правил проведения медико-социальной экспертизы» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных актов № 10589);

Документы представляются в подлинниках и копиях для сверки, после чего подлинники документов возвращаются услугополучателю.

ГУ «Отдел занятости и социальных программ»

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕЙБІР ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРІНЕ МҮГЕДЕКТЕРДІ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 3 желтоқсандағы № 433-V ҚРЗ Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2009 жылғы 18 қыркүйектегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне

1) мазмұны мынадай мазмұндағы 136-1-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

«136-1-бап. Мүгедектерге медициналық көмек көрсету»;

2) 1-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 91-1) тармақшамен толықтырылсын:

«91-1) санаторийлік-курорттық емдеу – адамдар санаторийлік-курорттық ұйымда уақытша болған жағдайларда жүргізілетін қалпына келтіру емінің және (немесе) медициналық оңалтудың түрі;»;

3) 33-баптың 2-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың, сондай-ақ кәсіптік аурулардың профилактикасы, алдын алу, оларды диагностикалау мен емдеу жөніндегі іс-шаралардың жүргізілуін;»;

4) 91-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Көру және (немесе) есту қабілеттері бұзылған адамдар үшін қолжетімділігі ескеріле отырып, пациенттің өз құқықтары мен міндеттері туралы, көрсетілетін қызметтер, көрсетілетін ақылы қызметтердің құны, олардың ұсынылу тәртібі туралы ақпаратты алуға құқығы бар. Пациенттің құқықтары туралы ақпарат медициналық ұйымдардың көрнекі үгіт орналасатын жерлерінде орналастырылуға тиіс.»;

5) мынадай мазмұндағы 136-1-баппен толық-

тырылсын:

«136-1-бап. Мүгедектерге медициналық көмек көрсету - Денсаулық сақтау ұйымдары денсаулық сақтау объектілерінің мүгедектер мен халықтың жүріп-тұруы шектеулі басқа да топтары үшін қолжетімділігі бойынша оларды бейімдеуге жағдайлар қалыптастырады.»

«Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ

О ВНЕСЕНИИ ИЗМЕНЕНИЙ И ДОПОЛНЕНИЙ В НЕКОТОРЫЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫЕ АКТЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО ВОПРОСАМ ЗАЩИТЫ ПРАВ ИНВАЛИДОВ

Закон Республики Казахстан от 3 декабря 2015 года № 433-V ЗРК

Статья 1. Внести изменения и дополнения в следующие законодательные акты Республики Казахстан:

1. В Кодекс Республики Казахстан от 18 сентября 2009 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»:

1) оглавление дополнить заголовком статьи 136-1 следующего содержания:

«Статья 136-1. Оказание медицинской помощи инвалидам»;

2) пункт 1 статьи 1 дополнить подпунктом 91-

1) следующего содержания:

«91-1) санаторно-курортное лечение – вид восстановительного лечения и (или) медицинской реабилитации, проводимых в условиях временного пребывания лиц в санаторно-курортной организации;»;

3) подпункт 4) пункта 2 статьи 33 изложить в следующей редакции:

«4) проведение мероприятий по профилактике, предупреждению, диагностике и лечению заболеваний, которые представляют опасность для

окружающих, а также профессиональных заболеваний;»;

4) часть первую пункта 2 статьи 91 изложить в следующей редакции:

«2. Пациент имеет право на получение информации о своих правах и обязанностях, об оказываемых услугах, стоимости платных услуг, порядке их предоставления с учетом доступности для лиц с нарушениями зрения и (или) слуха. Информация о правах пациента должна быть размещена в местах наглядной агитации медицинских орга-

низаций.»;

5) дополнить статьей 136-1 следующего содержания:

«Статья 136-1. Оказание медицинской помощи инвалидам - Организации здравоохранения формируют условия к адаптации объектов здравоохранения по доступности их для инвалидов и других маломобильных групп населения.».

ГУ «Отдел занятости и социальных программ»

ЗАВЕРШИЛСЯ ОТОПИТЕЛЬНЫЙ СЕЗОН 2015-2016 Г.Г.

Распоряжением акима города от 11 апреля 2016 года №24ө в городе в 00.00ч. 12 апреля завершился отопительный сезон 2015-2016 годов.

Согласно распоряжения акима города отопительный сезон начат с 15 октября 2015 года и прошел в стабильном режиме, без сбоев и

аварийных ситуаций.

В целях подготовки объектов социальной сферы и жилищно-коммунального хозяйства к работе в зимний период 2016 – 2017 годов определены основные мероприятия, установлены сроки выполнения работ и назначены ответст-

венные лица за исполнение.

В план мероприятий включены наиболее важные объекты коммунальной сферы. А именно определены:

- объемы работ по важнейшим мероприятиям, связанным с ремонтом жилищного фонда, объектов социальной сферы;

- объемы работ по текущему ремонту коммунальных систем тепло-, водо-, электроснабжения и других объектов жилищно-коммунального хозяйства, финансируемых за счет средств местного бюджетов и за счет предприятий – услуго-

дателей;

Будут созданы рабочие комиссии и выездные группы, систематически занимающиеся вопросами подготовки жилищно-коммунального комплекса к осенне-зимнему периоду.

В настоящее время по котельной №1 завершены мероприятия по государственному закупкам и заключен договор с подрядчиком. Согласно плану работы в текущем месяце начнутся демонтажные и другие виды работ.

Пресс-служба акима города



...Өз тіліңді құрметте !

ҚАЗАҚ ТІЛІ - МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

Қазақ тілі - Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Мемлекеттік тіл - тәуелсіз еліміздің мемлекеттік рәміздерінің бірі болып табылады. Әрбір ұлттың мемлекетте мемлекеттік тіл - ол елдің мақтанышы. Өйткені, мемлекеттік тілде мемлекеттік дәрежеде маңызы бар құжаттар жазылады. Оған қоса, мемлекеттік тіл - татулық пен бірліктің тірегі.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде» - деген болатын. Бұл тұжырым мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілінің ертеңгі келешегін айқындаумен қатар, оның әлі қоғамдық өміріміздің барлық саласында күнделікті қолданыс құралы бола алмай отырған бүгінгі жағдайын да көрсетеді.

Тәуелсіздік жылдары қоғамның саяси-әлеуметтік саласында елеулі өзгерістер жүзеге асып, нарықтық қатынастар дамып, экономикамыз белгілі деңгейде қалыптасты. Демографиялық жағдай осыдан 10-15 жыл бұрынғы жағдаймен салыстыруға келмейді. Қазір қазақ ұлтының саны еліміздегі халықтың 63 пайызын құрап отыр. Мемлекеттік тіл баяу болса да, Қазақстандағы туған еліміз, өз жерім дейтін барлық этнос өкілдері мен диаспоралар үшін қажеттілікке айналып

келеді. Тіл қай ұлтта, қай елде болса да, қастерлі, құдіретті. Сонда, еліміздің тіліміздің қастерлі, құдіретті болмағаны ма?

Еліміздің тәуелсіздігін алмай тұрған шақта талай қиыншылықты бастан кешірді, тіліміздің құрып кетуіне талай жағдайлар жасалған, ал енді тәуелсіздігі мойындалған еліміз, ендеше, көшемізді түзеп, тіл мәселесін қолға алып, тілімізді жандандыруға не келдергі?

Әрине, елімізде 130-дан астам ұлт өкілдері тұрады, әр ұлт өз тілін қадірлейді, сыйлайды және болашаққа, келешек ұрпаққа аманат ретінде жеткізіп отырады. Алдағы уақытта Қазақстан Республикасында тұрып жатқан барлық ұлт бір-бірімен тек қазақ тілінде түсінуі қажет, жалпы сондай дәрежеге жақын болашақта жетерімізге нақты сенімдеміз. Ал, қазақ тілінің мәртебесін көтеру - ол еліміздің, яғни қазақ тілі, жанашырларының, қазақ елінің, жерінің, Отанын сүйгіш шынайы патриоттардың қолында десем артық болмас. Өйткені, біздің Отанымыздың тілі-қазақ тілі. Отанын сүйген-тілін де сүйген абзал.

Жакупова Э.А.,

Приозерск қалалық сотының жетекші маманы

ТІЛ - АТАДАН ҚАЛҒАН АСЫЛ МҰРА

Ел тізгінін ұстап өскелең ұрпақты тіл мәдениетіне баулу - бүгінгі күннің басты талабы. Осы тұрғыдан алғанда білім беру ұйымдарында тәрбиеленушілердің бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, ұлт мәдениетінің, өнер-білімінің ұлы қаруы тіліміздің өрісін кеңейту көзделіп отыр. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы», «Білім беру туралы» Заңдары мен Қазақстанда тілдерді дамытудың «2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» белгіленген міндеттер мен еліміздің білім беру жүйесінде көптілі менгерген дара тұлға қалыптастыру мақсатын жүзеге асыруда «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығында екі жылдан бері «Қазақ тілі» үйірмесі жұмыс жасайды. Үйірменің мақсаты өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйрету отырып, өз ойын жүйелі түрде айта білуге,



қазақша сөйлеуге жаттықтыру, тіл арқылы бойларына адамгершілік, ізгілік, тәрбиелік, сыпайылық, қарапайымдылық сияқты қасиеттерді сіңіру.

Аталмыш үйірме аз уақыт ішінде тәрбиеленушінің талабын ұштап, шығармашылық, тұлғалық шарықтауына мүмкіндік берді. Үйірме тәрбиеленушілері мектепшілік, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық байқауларға, олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болуда.

Таяуда орталық тәрбиеленушілері Алматы қаласында «Нұр-Дала» шығармашылық орталығының ұйымдастыруымен өткен «Арман бастауы» республикалық конкурсынан абыроймен оралды.

Дарындылар бәйгесіне зор дайындықпен барған Школяр Роман сахнада өзін еркін ұстап, мыңдаған көрерменнің алдында өнер көрсете

білді. Үш күн бойына бақталастырып жас дарындылардың өнерін, білікті әділ қазылар таразылап, өз бағасын берді. «Көркем сөз» аталымы бойынша бағын сынаған Школяр Роман жүлделі 2 орынға ие болды.

Школяр Роман мен бірге өнер додасына «Жас

каламгер» үйірмесінің тәрбиеленушілері де белсене ат салысты. Байқау нәтижесі бойынша жоғары деңгейде өнер көрсеткен Юнус Айгүл бас жүлдені жеңіп алса, Тастанбекова Балнұр 1 орынды иемденді. Үйірмесіміздің сегіз қырлы, бір сырлы өнерпазы Сейтқали Әлиханға 3 орын бұйырды.

Тіл - тұлғаның бойына ұлттық сана сезімді, ұлттық рухты қалыптатырады, ұлтқа тән адами қасиеттерге жетелейді. Өз ұлтын, тілін қастерлейтін, ар-намысын жоғары ұстайтын адам ғана рухани-адамгершілік тұрғыдан жоғары бола алады. Осы орайда атадан қалған асыл мұрамыздың қадірін біліп, қазақ тілінің мүддесін бәрінен жоғары қоятын тәрбиеленушілерімізге шығармашылық табыстар тілейміз.

Гүлжайна Тұрдыбаева

«Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығының мұғалімі

ОБЪЯВЛЕН ВЕСЕННИЙ ДВУХМЕСЯЧНИК

Согласно распоряжению акима города от 04 апреля 2016 года №23р по городу Приозерск объявлен весенний двухмесячник.

В соответствии с разработанным планом мероприятий произведено закрепление территорий за организациями и предприятиями города.

В этот период запланировано два областных, которые пройдут 23 апреля и 14 мая, 6 городских субботников. Кроме того, принято решение устраивать еженедельные акции «чистый Четверг».

За два месяца планируется убрать всю территорию города, провести ликвидацию несанкционированных свалок и т.д.

Уборка пройдет на объектах соцкультбыта, стройплощадках. За счёт бюджетных и спонсорских средств будет организована посадка зеленых насаждений. Будут подрезаны и побелены деревья.

Тұрғындардың назарына

К сведению населения

ФИТОСАНИТАРНЫЕ ТРЕБОВАНИЯ К ПОСАДОЧНОМУ ИЛИ СЕМЕННОМУ МАТЕРИАЛУ

С приходом весны начались работы по облагораживанию приусадебных и дачных участков. Подготовка к весенне-полевому работам начинается с приобретения и ввоза, посадочного и посевного материала, которая согласно ст.12 Закона РК «О карантине растений» является объектом государственного контроля и надзора. Так как семена и саженцы могут служить путем распространения карантинных объектов.

Что следует знать при покупке семенного и посадочного материала?

Партии семенного материала картофеля должны быть упакованы в новую тару

Посадочный материал горшечного растения или растения с закрытой корневой системой должен ввозиться на территорию Республики Казахстан в питательном субстрате, свободном от карантинных объектов.

На территории Республики Казахстан растения с прикорневой почвой не ввозятся.

Посадочный материал декоративных, плодово-ягодных культур (кроме земляники) и винограда должен быть в состоянии покоя, без листьев, цветков и плодов.

Семенной материал картофеля должен быть произведен в зонах, местах и (или) участках производства, свободных от возбудителей грибных, бактериальных, фитоплазменных, вирусных и нематодных болезней, включенных в Перечень карантинных объектов, что должно подтверждаться соответствующей информацией в разделе фитосанитарного сертификата «Дополнительная декларация».

Посевы (посадки), произведенные импортным посадочным или семенным материалом, подлежат ежегодному обследованию. Выполнение этих работ обеспечивается физическими и юридическими лицами по предписаниям государственных инспекторов по карантину растений.

Транспортировка посадочного или семенного материала осуществляется в упаковке с обеспечением мер по исключению просыпей.

Различные виды посадочного и (или) семенного материала упаковываются в разные упаковки.

Согласно ст.13 Закона РК «О карантине растений», раздел 2 параграфа 1 Правил по охране территории РК от карантинных объектов и чу-

жеродных видов при заключении договоров (или же устных договоренностей (для частных лиц) на поставку подкарантинной продукции или ее транзит поставщик обязан получить в уполномоченном органе или в его территориальном подразделении - в данном случае в Приозерской городской территориальной инспекции КГИ в АПК МСХ РК, необходимую информацию о карантинных фитосанитарных требованиях, карантинных мерах по предупреждению ввоза карантинных объектов и обеспечивают выполнение условий ввоза, утвержденных приказом Министра сельского хозяйства РК от 30 января 2015 года №4-4/66 «Об утверждении фитосанитарных требований, предъявляемых к ввозимой подкарантинной продукции».

Груз с посадочным и семенным материалом должен сопровождаться карантинным сертификатом при межобластных перевозках и фитосанитарным сертификатом при межгосударственных перевозках. В пункте назначения подкарантинной продукции (посадочный и семенной материал) проводится вторичный карантинный фитосанитарный контроль и надзор. По прибытии и перед выгрузкой подкарантинной продукции, ее владелец уведомляет Приозерскую городскую территориальную инспекцию расположенную по адресу: г.Приозерск, ул. Пушкина 9/2, 2 этаж, по телефону 8-710-39-5-40-06 или другим доступным способом о прибытии подкарантинной продукции и предъявляет для осуществления карантинного фитосанитарного контроля и надзора в месте назначения не позднее одного рабочего дня, следующего за днем прибытия.

Акт карантинного фитосанитарного контроля и надзора при отсутствии нарушений законодательства в области карантина растений оформляется в течении одного рабочего дня. При осуществлении досмотра подкарантинной продукции отбираются образцы на анализ и экспертизу. В случае обнаружения карантинных объектов в подкарантинной продукции проводятся мероприятия согласно с законодательством РК.

Кусаинова З.Т.,

г.л.специалист - государственный инспектор по карантину растений Приозерской ГТИ КГИ в АПК МСХ РК

КӨКТЕМГІ ТАЗАЛЫҚ АЙЛЫҒЫ БАСТАЛДЫ

Қала әкімінің 2016 жылғы 04 сәуірдегі №23ә қаулысына сәйкес Приозерск қаласы бойынша көктемгі екіайлық жарияланды.

Приозерск қаласының аумағын санитарлық тазалау, абаттандыру және көгалдандыруды өткізу бойынша іс-шаралар жоспары дайындалып, мемлекеттік мекемелер мен бюджеттік кәсіпорындардан жауапты тұлғалар тағайындалды.

Осы аралықта 23 сәуірде және 14 мамырда өтетін екі жалпыоблыстық, 6 қалалық сенбіліктер жоспарлануда. Сонымен қатар апта сайын «таза бейсенбілік» акциясы ұйымдастырылатын болады.

Айлық кезінде қаланың барлық аумақтарын толық тазартып, рұқсат етілмеген жерлерде пайда болған қоқыс орындарын жою жоспарлануда.

Тазалау жұмыстары әлеуметтік мәдени-тұрмыстық, құрылыс алаңдарының нысандарында жүргізілетін болады. Бюджеттік және демеушілік қаржылар есебінен жасыл желектер отырғызу ұйымдастырылады. Қураған талдар кесіліп, әктелетін болады.

Қала көшелеріне және подъездерге тұрғындарды Приозерск қаласы аумағын санитарлық тазалау, абаттандыру және көгалдандыруға атсалысуға үндеген парақшалар ілінді, сонымен қатар кабельдік телеарнаның жүгіртпе жолдары арқылы хабарландырылды.

9 сәуірде қалалық сенбілік өткізіліп, онда бекітілген аумақтарға жоспарға сай адамдардың шығуы және қажетті құрал-саймандардың саны белгіленді. Сенбілікке мекемелер мен барлық меншік түріндегі кәсіпорындар қатысты. «ТҮКБ» КМК басшылығымен 3 бірлік арнайы техника, басқа кәсіпорындармен 2 бірлік автотехника бөлінді.

Қала әкімінің баспасөз қызметі

По улицам города и на подъездах домов расклеены листовки с призывами жителей на активное участие в проведении весеннего двухмесячника по благоустройству, санитарной очистке и озеленению города Приозерск, а также бегущей строкой на кабельном телевидении.

9 апреля был проведен городской субботник, в основном отмечено соответствие планов фактическому выходу людей на закрепленные территории и наличие необходимого инвентаря.

На данном субботнике приняли участие организации и предприятия всех форм собственности. Руководством КПГ «УЖКР» был обеспечен выход 3 ед. спец.техники, а также 2 ед. автотехники другими предприятиями города.

Пресс служба акима города

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМН № 15037-Г от 26.12.2014г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, 5-107.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15.
Заказ № 16/452 Тираж: 500 экз., объем- 1п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-707-204-02-60
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.